

Ертіс аудандық мәслихатының 2014 жылғы 13 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 124-28-5 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қазандағы № 169-32-5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қарашада № 4167 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 сәуірдегі N 12-3-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 20.04.2016 N 12-3-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс аудандық мәслихатының 2014 жылғы 13 наурыздағы № 124-28-5 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3753 болып тіркелген, 2014 жылғы 19 сәуірдегі "Ертіс нұры" және "Иртыш" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы шешімнің кіріспе сөзбасында "11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, 16-бабына" сөздер "11-, 16 - баптарына" деген сөздерге ауыстырылсын;

жоғарыда аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек деген өкілетті

органмен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондайақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай және заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.";

6-тармақта:

1) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні – қазан айының 2 жексенбісі;"

;

Қағидаларға қосымша болып табылатын әлеуметтік көмектің шекті мөлшері мен алушылар санатының Тізбесіне:

1-тармақта:

5) тармақшада:

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"ең аз мөлшердегі зейнетақы тағайындалған зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар";

"ең аз мөлшердегі зейнетақы және жәрдемақы тағайындалған сексен жастағы және одан асқан азаматтар";

б) тармақшада:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасылар";

9) тармақшада:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жүктілігі бойынша уақытында есепке тұрған он екі аптаға дейін мерзімдегі жүкті әйелдер, барлық жүктілік мерзіміне";

2-тармақта:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

осы Тізбенің 1-тармағының 1) тармақшасында, өтініш негізінде, шығын сметасына және алушының мәртебесін растайтын құжаттарға сәйкес Жеңістің 70 - жылдығына тұрғын үйлерін күрделі жөндеуге, бірақ 324 айлық есептік көрсеткіштер (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінен артық емес";

3-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Тізбенің 1-тармағының 9) тармақшасының бесінші абзацында, 9 АЕК дейін мөлшерінде, сондай-ақ ұсынылған жол жүру құжаттарына сәйкес медициналық мекемемен берілген жолдама негізінде, тексерілу және/немесе кеңес алу үшін тұрғылықты мекенжайынан Ертіс ауылына және/немесе Павлодар қаласына дейін және кері қайту жолына жол жүру шығындарын төлеуге; ".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ертіс аудандық
мәслихатының хатшысы*

Ж. Беспәев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК